

ӘОЖ: 332 (574)

**ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН АРТТЫРУ-МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ  
МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ**

**Дидарқызы Құралай**

[kuralay-02@mail.ru](mailto:kuralay-02@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ Экономика факультеті, 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі- Р. Шоқан

Өмір сапасы және адамның жан-жақты дамуы – экономикалық өсу және қоғамның дамуы проблемаларының қазіргі заманғы тәсілдерінің мазмұндық сипаттамасын құрайды. Бұл проблемалар ХХ ғасырдың соңынан бастап өзектілігімен көзге түсті. Ғылыми ойдың дамуының әртүрлі кезеңдерінде ғалымдар бұл мәселелеге философиялық, экономикалық, әлеуметтану салалары тұрғысынан қарап, өз жұмыстарының негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырды. Адамның өмір сапасы және дамуының қазіргі заманғы тұжырымдамаларын көне ойшылдардың еңбектерінен, көптеген мәдениеттерден және діндерден табуға болады. Алайда адамның проблемалары, яғни өмір сапасы және дамуы экономикалық ғылымда ерекше айқын пайда болған ұзақ мерзімді кезеңді құрайды.

Қазіргі заманғы сапа тұжырымдамалары өмір сапасы ретінде әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-идеологиялық, экологиялық факторлардың және жеке адамның өмір сүру шарттарының, қоғамдағы адамның орнының кешенді сипаттамасын түсіндіре бастады. Адамның өмір сапасын арттыру кез-келген мемлекетте, кез-келген қоғамдық формацияда айрықша орынға ие. Өйткені, өркениетті елде мемлекеттің негізгі міндеті - бұл халықтың лайықты өмір сапасын және деңгейін қамтамасыз ету. Қазіргі заманғы нарықтық экономикалық қайта құруларында өмір деңгейін және сапасын арттыру өте маңызды болуда. Атап айтқанда, мемлекет саясатының әлеуметтік функциясымен қоғам өмір сапасын және деңгейін арттыруға қатысты өсіп келе жатқан талаптарды байланыстарады. Осы проблеманың шешілуі елдегі одан әрі қайта құрулардың бағыттылығы мен қарқындылығына, қоғамдағы саяси, әрі тиісінше экономикалық тұрақтылық байланысты болатындығы белгілі.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қазақстан халқына кезекті Жолдауында адамның өмір сүру сапасы мәселесі қарастырылған [1]. Жолдаудың он негізгі тармақтарының сегізі тікелей өмірдің сапалық көрсеткіштерін арттыруға бағытталған. Соңғы жылдары тақырып ерекше өзекті болуда, өйткені әлемдік экономикалық дағдарыс салдарынан дамыған және дамушы елдер халқының үлкен бөлігінің өмір деңгейі және сапалық көрсеткіштері айтарлықтай төмендеген. Дағдарыс өмір деңгейі және сапасының индикаторлары мен көрсеткіштеріне жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Бұл шарттарда өмір сапасы және деңгейі қандай көрсеткіштерге байланысты екендігін білу маңызды, сондықтан елдің экономикалық дамуы деңгейінің жәнәхалықтың өмір сапасының құрамдас бөліктерінің өзара байланысын теориялық зерттеу қажеттігі осы мақала тақырыбының маңыздылығын анықтайды.

Бұл зерттеуде Қазақстан Республикасындағы халықтың өмір сапасын талдау және бағалау жүргізілді, тек қана халықтың табыстары және материалдық әл-ауқаты призмасы арқылы емес, сондай-ақ, оның ішінде Жолдауды іске асыру мақсатында қабылданған мемлекеттік даму бағдарламаларының жоспарланған нәтижелерін ескере отырып, «өмір сапасының» мәнінің айқын және толық анықтамасы берілген. Халықтың өмір сапасын бағалаудың халықаралық тәжірибесіне сондай-ақ, өмір сапасы, әл-ауқат деңгейі бойынша рейтингтерді құрайтын беделді халықаралық агенттіктердің қолданыстағы әдістемелеріне шолу жүзеге асырылды.


«Өмір сапасы» деген термин өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасында пайда болды, алайда ол кезде «өмір сүру деңгейі» санаты толық шамада халықтың әл-ауқатын көрсеткен жоқ. Проблеманы зерделеу ондаған жылдан кейін Батыстың жоғары дамыған елдерінде қоғам дамуының индустриалдық кезеңіне өту барысында басталды, бұл экономикалық прогрестің гуманитарлық мазмұнына қызығушылыққа негізделді. Бастапқыда өмір сапасы негізінен қоршаған ортаны, денсаулықты қорғау және қалаларды жаңарту мәселелерімен байланысты болды. Бірақ бертін келе бұл проблема қоғамның өмір сүру қабілетін қамтамасыз ету тұрғысында қарастырылып, таяу болашақта адамзат қол жеткізетін – ол кезде бірінші кезекке ақша емес, әлеуметтік және мәдени құндылықтардың үйлесімділігі шығатын адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастары бар өркениеттің келесі кезеңіне өтудің кейбір футурологиялық идеяларының құрамдас бөлігі ретінде түсіндіріле бастады.

Өмір сапасы адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін субъективті бағалау ретінде анықтала бастады. Аталған жаһандық мәселе экономикалық дағдарысқа және әлемде әлеуметтік-экономикалық қарама-қайшылықтардың ушығуына байланысты соңғы жылдары өзектілігін жоғарылатты, бұл негізінен әлем елдерінің көпшілігінде халықтың нақты табыстарының төмендеуінен, мүліктік сараланудың тереңдеуінен көрінеді. Аталған мәселеге әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қараған уақытта әлемнің барлық еліндегі үлкен бір шешілуі қиын мәселені көреміз. Ол мәселе кедейшілік мәселесі болып табылады.

Кедейшілік деп индивидтің қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ететін, нақты қажетті ресурстар саны аз болып табылатын жағдайды түсінеміз. «Кедейшілік» ұғымын алғаш рет әлеуметтану ғылымына француз социоэкономисі Ж.Прудон енгізген. Кедейшілік мәселелерін шешуде мемлекет, азаматтық қоғам ұйымдары, соның ішінде ғылыми-зерттеу институттар, үкіметтік емес және діни ұйымдар басымдыққа ие. Әлеуметтік диалог пен кәсіподақтардың дамуы ие маңызды рөлге ие: әлеуметтік және еңбек қатынастары кәсіподақтар, жұмыс берушілер мен мемлекет тарапынан шешілуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары есеп беру мен айқындылығын жоғарылату, сондай-ақ адамдардың өміріне ықпал тигізетін саяси шешімдерді қабылдауда қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз ету құралына айналу керек. Несиелер мен техникалық көмек түріндегі донорлық көмек қаржылық базаның нығаюына, азаматтық қоғам әлеуетінің нығаюына және кедейшілікпен күресу облысында халықаралық тәжірибемен алмасуға жағдай жасайды. Халықтың жергілікті деңгейдегі әлеуметтік мобильдігі, жергілікті бастаманың дамуы және атаулы көмек топтарының құрылуы да кедейшілік мәселелерін шешуде және Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын жоғарылатуда маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы кедейшіліктің қазіргі деңгейін айтар болсақ, бұл құбылысқа тек ғана экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси жағдайлар да өз әсерін тигізеді. Басты мәселелерді атап айтатын болсақ:

1. Ауыл шаруашылығының өндіріс құралдарын, энергоресурстар және материалдар беруші аралас салаларға экономикалық тәуелділігі, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу, оны сақтау және тасымалдау базасының дамымауы, салада кірістің төмен болуына байланысты инвестициялар салудың тартымсыздығы ауылдық жердегі халықтың өмір сүру деңгейіні төмендігіне әсер етуде. 2. Қолайсыз экологиялық ахуал халықтың өмір сапасына едәуір әсерін тигізуде. Оған таза ауыз судың жетіспеушілігі, ауаның ластануы, жердің шөлге айналуы, топырақтың құнарсыздануы тәрізді факторларды жатқызуға болады. 3. Сумен жабдықтау проблемасы мен кедейлік бір-бірімен өзара байланысты. Қазақстанның көптеген облыстарында халық қауіпсіз ауыз сумен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеген. Ауыл халқын ауыз сумен қамтамасыз етудің орташа республикалық көрсеткішінің жыл сайынғы төмендеуі 3,5%-ға жетіп отыр, бұл халық денсаулығына, атап айтқанда жұқпалы аурулардың, тырысқақ, сүзек, А вирусты гепатитінің таралуы салдарынан келеңсіз әсер етуде. 4. Атмосфералық ауаның ластануы халық арасында аурулардың таралуына зор әсер ететін қауіпті факторлардың қатарына жатады. Мысалы, мұнай өндірілетін аудандарда ілеспе газды жалындатып жағу, күкіртті ашық ауада сақтау орын алуда. Жекелеген аудандарда қалдық қоймаларының радиоактивтік және уытты қалдықтары тозанданып, шаң болып ауаға ұшып жатыр. 5. Экономикалық тұрғыдан алғандағы басты себеп- жұмыссыздық болып табылады. Қазіргі таңда елдегі жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрайды. Нарықтың экономикада жұмыссыздық дағдарыстар кезінде көбейеді. Нарықтық емес экономика жағдайында жұмыссыздықтың көбею себепі мемлекеттің өндіргіш күштерді орналыстырудағы бұрыс құрылымдық саясаты болуы мүмкін.

Кедейшілік халықты табиғи ресурстарды жөн-жосықсыз пайдалануға мәжбүр етуде. Көмір, газ, электр қуатын сатып алуға қаражаты жоқ халық сексеуілдерді, тоғайларды, қалқанды орман белдеулерін жаппай кесуде. Киік және басқа да тұяқты жануарларға қатысты аңшылық етек алуда. Ауылдағы тұрмыс деңгейі төмен халқы көбінесе тозған және мардымсыз суарылатын жерлерде шаруашылық жүргізуге мәжбүр және агрохимиялық және ирригациялық іс-шаралар мен ресурс үнемдейтін технологияларды пайдалануға мүмкіндіктері жоқ. Облыстардың әлеуметтік және экономикалық даму деңгейлеріндегі айырмашылықтарды қысқарту арқылы тұрмыс деңгейіндегі өңіраралық теңсіздікті кеміту кедейлікті азайтудың маңызды факторы болып табылады. Республикада халықтың өмір сүру деңгейін бағалау бірқатар әлеуметтік-экономикалық индикаторлар негізінде жүзеге асырылады (1 сурет).



1 сурет. Өмір сүру деңгейін сипаттаушы негізгі индикаторлар жүйесі

Халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі көрсеткіштерін талдайтын болсақ, 2017 жылы 2013 жылға қарағанда орташа алғанда бір айда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыс 56453 теңгеде 83053 теңгеге дейін өскен, яғни 47,1%-ға артқан. (1-кесте).

Кесте 1. Халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі индикаторлары

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017
Халықтың атаулы ақшалай табыстары (бағалау), орташа алғанда бір айда халықтың жан басына шаққанда, теңге	56453	62271	67321	76575	83053
Халықтың ақшалай шығыстары (айына жан басына шаққанда орта есеппен), теңге	34796	37131	38502	41847	46319
Тағайындалған айлық зейнетақының орташа мөлшері (жыл соңына) <sup>2)</sup> , теңге	31918	36068	38933	42476	50850
Тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері (жыл соңына), теңге	17742	19918	21676	28651	30692
Тағайындалған мемлекеттік атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері, теңге	1932	1971	2179	2 439	2 692
Ең төменгі күнкөріс деңгейі(орта есеппен халықтың жан басына шаққанда), теңге	17789	19068	19647	21612	23783
Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, пайызбен	2,9	2,8	2,7	2,6	2,6
Азық-түлік қоржынының құны, теңге	10674	11441	11788	12967	14270
Табысы азық-түлік қоржынының құнынан төмен халықтың үлесі, пайызбен	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
Айлық жалақының ең төменгі мөлшері, теңге	18660	19966	21364	22 859	24459
Ең төмен зейнетақы, теңге	19066	21736	23692	25 824	31245

Ескерту: [2] әдебиет көзі негізінде құрастырылған.

2017 жылы орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейі 23783 теңге болса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 17789 теңгені құраған. Ең төменгі күнкөріс деңгейі 33,7%-ға артқан. Азық-түлік қоржынының құны 10674 теңгеден 14270 теңгеге, яғни 33,7%-ға өсті.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі – ең төмен деңгейдегі тұтыну қоржыны құнының шамасына тең, ол бір адамға қажетті ең төмен ақшалай табыс болып табылады. Ол азық-түлік қоржынының құнынан және азық-түліктік емес тауарлар мен көрсетілген қызметтерге жұмсалған шығындардан тұрады. Ең төменгі күнкөріс деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар тамақ өнімдерін тұтыну нормалары, осы өнімдерге бағалар және азық-түлік пен азық-түлік емес шығыстар арасындағы белгіленген арасалмақ болып табылады. Өмір сүру сапасын анықтаудағы тағы бір маңызды индикатор- денсаулық сақтау және білім беру салаларын дамыту мәселелері болып табылады.

Кесте 2. Денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы көрсеткіштер серпіні

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017
<b>Денсаулық сақтау</b>					
Аурухана төсектерінің 10 000 адамға шаққандағы саны, бірлік	120,1	103,7	87,0	79,6	72,6
10 000 адамға шаққанда орта медициналық персонал саны	103,7	93,6	82,6	77,7	74,1
<b>Білім беру</b>					
Есепті жыл соңына мектепке дейінгі ұйымдар саны	5058	1533	1533	1338	1102
Мектепке дейінгі ұйымдарда 100 орынға келетін балалар саны	74	76	76	84	83
Күндізгі жалпы білім беретін мектептер саны	8732	8618	8238	8284	8290
Күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны (оқу жылының басына, мың адам)	3059,8	3104,7	3106,9	3115,2	3117,8
Жоғары оқу орындарының саны	112	111	133	144	163
Халықтың 10 000 адамына шаққанда жоғары оқу орындардағы студенттердің саны	171	179	190	210	244
Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының саны	251	245	219	246	274
Халықтың 10 000 адамына шаққанда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқушылар саны	127	113	98	94	96
Ескерту: [2] әдебиет көзі негізінде құрастырылған.					

Елімізде денсаулық сақтау саласын жетілдіру мақсатында бірнеше бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан ауқымы кең бағдарламалардың бірі- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарлама денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған және 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» алдыңғы мемлекеттік бағдарламаларының қисынды жалғасы. Бағдарламаның мақсаты- мемлекетіміздің әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық өркендеуінің негізі ретінде азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз ету.

Денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі шаралары саланың инфрақұрылымын құруға бағытталған болатын. Бұл кезеңде республикада 500-ден астам жаңа денсаулық сақтау нысандары салынып, 4000- нан астам аурухана мен емхана күрделі жөндеуден өткізіліп, 75 миллиард теңгеден астам сомаға заманауи құрал-жабдық сатып алынды. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың басты сапалық нәтижелері мынандай болды: республикадағы халық саны 17417,5 мың адамға дейін ұлғайды; күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші 70,45 жасты құрады; халықтың туберкулезге шалдығуын төмендету динамикасы жыл сайын 10%-ды құрайды, өлім-жітім 5 жылда кемінде 2,5 есеге азайған, ол ДДҰ стратегиясына сай келеді, туберкулезге қарсы қызмет диагностикалау құралдарымен және емдеудің барлық кезеңдерінде қажетті дәрі-дәрмектермен барынша қамтамасыз етілген.

Еліміздегі тағы бір мемлекет дамуы үшін қажет салалардың бірі- білім беру саласы болып табылады. Соның негізінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың

2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Мақсаты-экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Аталған бағдарламаның жүзеге асырылу барысында оң нәтиже беріп жатқандығын байқауға болады. Мысалы, 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшу; 3 тілділікті қолдау, 12 жылдық білім беру стандартына өту.

Қоғамның жекеленген категориясына жатқызылатын азаматтардың тұрғын үй мәселелерін шешу, мемлекеттің қоғам алдында міндеттемесі болып табылады. Мемлекет өз территориясында өмір сүретін тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге, соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға, тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген тәртіптер бойынша жол берілетіндігі жөнінде Қазақстан Республикасының Конституциясында нақты көрсетілген. Тұрғын үймен қамтамасыз етілу адамның аса маңызды қажеттіліктерінің бірі. Сондықтан азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, мемлекеттің қоғам алдындағы негізгі міндеттерінің бірі.

Кесте 3. Тұрғын үй нарығының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017
Тұрғын үй қоры , млн. шаршы м	336,1	336,9	340,6	342,6	347,4
Тұратын бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, м <sup>2</sup>	18,1	18,3	18,4	18,7	19,6
Жабдықталған барлық тұрғын үй қоры жалпы алаңының үлес салмағы, пайызбен:					
сумен жабдықтау	59	59	65	78	97
кәрізбен	47	48	45	51	59
орталықтан жылытумен	40	43	40	40	40
газбен (сұйытылғанды қоса)	87	88	87	88	91
орталықтан ыстық сумен жабдықтау	35	38	35	35	36
ваннамен немесе себезгімен	42	43	40	40	39
жерге қойылатын электр плитасымен	9	9	10	10	9
Ескерту: [3] әдебиет көзі негізінде құрастырылған.					

Республика территориясында 2013 жылы 336,1 млн шаршы метр тұрғын үй қоры болса, бұл көрсеткіш 2017 жылы 347,4 млн шаршы метрді құраған. 2013-2017 жылдар аралығында тұрғын үй қорының өсу серпіні 3,36 пайызды құрады. Тұрғын үй қорының қолданысқа тікелей дайын болуы, тұрғын үй қызметтерімен қамтамасыз етілу жағдайларына тәуелді болды. Сапалы тұрғын үймен қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып, баспананы көркейту қызметтер саналады. 2017 жылы республика бойынша орташа деңгейде тұрғын үйлердің 97% су құбырымен, 59% кәріз жүйесімен, 40% орталық жылу жүйесімен, 36% орталықтан ыстық су жүйесімен, 91% газбен жабдықтанған. Бұл талдаулар әлі болса, тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейілерінің төмендігін көрсетіп отыр. Қазіргі таңда халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында мемлекет тұрғысынан қолдау көрсетіліп, мемлекеттік бағдарламалар қабылдануда. Соның бірі- «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы. Бағдарламаның мәні- сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7%, бастапқы жарна – 20%, қарыз мерзімі – 25 жылға дейін Қазақстан Республикасының еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен алатын табысы бар, сондай-ақ меншік құқығында тұрғын үйі жоқ кез-келген азаматқа ипотекалық қарыз алуға мүмкіндік беру. Республика бойынша бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу көрсеткіші 2013 жылы 18,1 м<sup>2</sup> болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 19,6 м<sup>2</sup> құрады. «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңында бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіші 18 шаршы метр деп

көрсетілгені белгілі. Талдауға алынған жылдары орташа алғанда баспанамен қамтамасыз етудің мөлшері, заң талаптарына сәйкес келген.

Қорытындылайтын болсақ, қоғамның әл-ауқаты көбінесе оның толық ақпаратпен жеткілікті қамтылуына және ақпараттың қазіргі заманғы қоғамдағы мәселелерді қаншалықты толық көрсететіндігіне негізделі отырып, мемлекеттің дұрыс таңдап алынған әлеуметтік саясатына байланысты. Өмір деңгейі мен сапасының проблемаларының шешілуіне елдегі одан әрі қайта құрулардың бағыттылығы мен қарқындылығы және түбінде қоғамдағы саяси, әрі тиісінше экономикалық тұрақтылық байланысты. Бұл проблемаларды шешудің басты мәні- адам, оның әл-ауқаты, дене және әлеуметтік саулығы болатын мемлекет әзірлеген белгілі бір саясатты талап етеді. Сондықтан өмір сүру деңгейінің өзгеруіне алып келуі мүмкін барлық қайта құрулар, ұстанымдар халықтың ең әралуан топтарында үлкен қызығушылық тудырады. Кез-келген елдің даму көрсеткіштерін анықтағанда, бәсекеге қабілеттілік деңгейін сипаттағанда аталған елдің экономикалық, саяси, әлеуметтік дамуы мен халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі индикаторлары есепке алынады. Сол себепті әлеуметтік-экономикалық дамуға бағдарланған мемлекеттік бағдарламалардың қабылдануы мен орындалуы ел халқының сапалы өмір сүруінің негізі болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012 жылғы 27 қаңтардағы ҚР Президентінің жолдауы//akorda .kz
2. Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі/Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде/86 бет (2013-2017) , Нур-Султан-2018
3. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы тұрғын үй қоры туралы / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / 75 бет, Нур-Султан-2018